«Асық шахмат тақтасын құрастыр»

Пәні: Математика

Мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлауын, математикалық сауаттылығын, кеңістікте бағдарлауын және инженерлік құрастыру дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

- Қиып-жапсыру және құрастыру арқылы геометриялық пішіндер, өлшемдер мен кеңістік туралы түсініктерін жетілдіру;
- Логикалық ойлау, математикалық сауаттылық және есептеу дағдыларын дамыту;
- Кеңістікте бағдарлау, симметрия, өлшем және пропорция ұғымдарын практикалық әрекет арқылы меңгерту;
- Топтық жұмыс барысында математикалық талдау, салыстыру және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
- Ұлттық ойын элементтері арқылы математикалық білімді STEM бағытында қолдану және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.

Қажетті құралдар: қайшы, желім, тапсырма парағы, қатты картон, асықтар немесе фишкалар, маркер

Ойын барысы

Мұғалім оқушыларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді. Оқушылар шахмат тақтасының бөліктерін қиып алып, қатты картонға жапсырып құрастырады. Дайын тақтаға асық-фишкаларды орналастырып, берілген логикалық және математикалық тапсырмаларды орындайды. Тапсырма барысында оқушылар бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс жасап, өз ойларын дәлелдеуге үйренеді.

Мұғалімнің іс-әрекеті

Мұғалім тапсырманың мақсаты мен орындалу ретін түсіндіреді, қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалайды және оқушыларға бағыт-бағдар береді. Тапсырма барысында сұрақтар қойып, оқушылардың логикалық ойлауын дамытып, топтық жұмысты ұйымдастырады. Тапсырма соңында кері байланыс жүргізіп, оқушылардың жетістіктерін бағалайды.

Оқушының іс-әрекеті

Оқушылар тапсырма парағын мұқият қарап шығып, шахмат тақтасының бөліктерін қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып қиып алады. Бөлшектерді қатты картонға жапсырып, шахмат тақтасын құрастырады. Дайын тақтаға

асық-фишкаларды орналастырып, берілген логикалық және математикалық тапсырмаларды орындайды. Өзара пікір алмасып, топпен бірлесіп жұмыс жасайды және өз шешімдерін дәлелдейді.

Қорытынды

«Асық шахмат тақтасын құрастыр» ұлттық STEM тапсырмасы оқушылардың математикалық сауаттылығын, логикалық ойлауын және кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамытады. Қиып-жапсыру және құрастыру жұмыстары арқылы инженерлік дағдылар қалыптасып, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы артады.

